

ПЕРСПЕКТИВТІ ЖОСПАР
Балбөбек 2 кіші топ 2021 жыл қыркүйек айы
Өтпелі тақырып «Мен қоршаған орта»

Мақсаты: Қоршаған ортадағы жақсы, жаман нәрселер туралы түсіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Адам мен табиғаттың байланысы, табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін тереңдете түсу.

Міндеттері: Табиғаттың әрбір бөлшегі азамат баласы үшін асқан байлық, қайталанбас қазына екенін, денсаулықтың қорғаны екенін ұғындыру. Табиғат аясында өзін мәдениетті ұстауға, қоршаған ортаны ластамай сақтауға міндеттеу.

01.09-03.09.2021ж

| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25 |
|--|---|--|--|--|---|
| Мен және қоршаған орта (1 апта) | 02.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша | | 01.09.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Жау, жау, жаңбыр! Мақсаты: Жансыз табиғаттағы құбылыстар жайлы түсінік қалыптастыру; табиғат құбылыстарының бірі – жаңбырмен таныстыру. Балалардың табиғатқа, табиғат құбылыстарына, оны танып-білуге деген қызығушылығын ояту. Жаңбырға қуануға үйрету. | 02.09.21 2.Сурет салу Тақырыбы: Бұлт күнді жапты Мақсаты: балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Табиғатты сүйе білуге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. 01.09.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша 02.09.21 | |

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|
| | | | | Вариативтік компонент 2.Хореография Мұғалімнің жоспары бойынша 03.09.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша | |
| Мақсаты: балабақшаның отбасына ұқсайтынын көрсету; балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы білім беру. Балабақшадағы ересектердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу; балалардың жағымды көңіл күйлерін дамыту. 06.09-10.09.2021ж | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
| Балабақша (II-апта) | 06.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша 07.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының | 09.09.21 1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жақсы деген немене,жаман деген немене» Мақсаты: Қоршаған ортадағы жақсы, жаман нәрселер туралы түсіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Тех карта №8 бет 20 (0,5) | 08.09.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Бақшадағы көгөністер Мақсаты: Көгөністерді тану және олардың атауын білу қабілетін дамыту; бау-бақша дақылдарын өсіру туралы түсінігін кеңейту. Балалардың ойлау қабілетін күшейту. Тех карта №2 бет 12 | 09.09.21 2.Сурет салу Тақырыбы: Түзу жолда, мен жүремін тура Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды | 06.09.21 1.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Құртақанды киіндіреміз Мақсаты: адамдар мен табиғат арасындағы өзгерістерді сәйкестендіре білуге үйрету, тиянақтылықты, мәдени-гигиеналық дағдыларды |

| | | | | | |
|--|---|---|---|--|---|
| | <p>жоспары бойынша</p> <p>09.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>07.09.21 1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Топпен танысу (саяхат) Мақсаты: балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстыру, ондағы жиһаз атауларын атауға, олардың қызметі туралы әңгімелеуге үйрету.</p> | <p>07.09.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Таңертең. Үлкен,кіші. Біреу көп. Мақсаты: таңертең-тәулік бөлігімен таныстыру, заттарды көлемі бойынша (үлкен, кіші) салыстыру біліктерін қалыптастыру. «бір», «көп», түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру.</p> | <p>біркелкі жағы білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Іздің әртүрлі пішіндерін байқату. Құптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.</p> <p>08.09.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша 09.09.21 Вариативтік компонент Хореография Мұғалімнің жоспары бойынша 10.09.21 Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>10.09.21 1.Мүсіндеу Тақырыбы: «Қояндарға арналған сәбіз" Мақсаты: қоршаған ортамен таныстыруды жалғастыру, қоянның тіршілігі туралы балаларға түсінік беру. Жануарларға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.</p> | <p>тәрбиелеу. Тех карта №5 бет 23 (0,25)</p> |
|--|---|---|---|--|---|

Мақсаты: : Қоршаған ортадағы жақсы, жаман нәрселер туралы түсіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Адам мен табиғаттың байланысы, табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін тереңдете түсу.

13.09-17.09.21ж

| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---------------------------------------|--|---|---|--|---|
| Бізді қоршаған әлем (III апта) | <p>13.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>14.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>16.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>13.09.21 1.Орыс тілі Мұғалімнің жоспары бойынша (0,5)</p> <p>14.09.21 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз. Мақсаты: педагогтің көмегімен әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Киімді ұқыпты, таза киюге, киінудің реттілігін сақтауға тәрбиелеу.</p> | <p>15.09.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Жау, жау, жаңбыр! Мақсаты: Жансыз табиғаттағы құбылыстар жайлы түсінік қалыптастыру; табиғат құбылыстарының бірі – жаңбырмен таныстыру. Балалардың табиғатқа, табиғат құбылыстарына, оны танып-білуге деген қызығушылығын ояту. Жаңбырға қуануға үйрету.</p> <p>14.09.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Күндіз. Дөңгелек. Бір-көп. Мақсаты: күндіз-тәулік</p> | <p>16.09.21 2.Сурет салу Тақырыбы: Бұлт күнді жапты Мақсаты: балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Табиғатты сүйе білуге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>15.09.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>16.09.21 Вариативтік компонент Хореография Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>17.09.21</p> | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|--|
| | | | <p>бөлігімен таныстыру, дөңгелек туралы түсініктерін қалыптастыру, заттарды көлеміне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p>13.09.21 1.Құрастыру Тақырыбы: «Жаяу жүргіншілерге және мәшинелерге арналған кең және тар жолдар» Мақсаты: балаларды жаяу жүргіншілерге арналған тар және кең жолдарды құрылыс материалдарынан құрастыру, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.</p> | <p>2.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша (0,5)</p> | |
| <p>Мақсаты: балаларды еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> | | | | | |
| <p>20.09-24.09.19ж</p> | | | | | |
| <p>Тақырыпша</p> | <p>«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3</p> | <p>Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в)</p> | <p>Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1</p> | <p>Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5</p> | <p>Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5</p> |
| <p>«Біз еңбекқор баламыз»</p> | <p>20.09.21</p> | <p>23.09.21</p> | <p>22.09.21</p> | <p>23.09.21</p> | <p>20.09.21</p> |

| | | | | | |
|-------------------|--|---|--|---|--|
| <p>(IV апта)</p> | <p>2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>21.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>23.09.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жақсы деген немене,жаман деген немене» Мақсаты: Қоршаған ортадағы жақсы, жаман нәрселер туралы түсіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту.</p> <p>21.09.21 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көмекшілер Мақсаты: Сұрақ-жауап әдісі арқылы таныс шығармалардың мазмұнын айтып беруге дағдыландыру.</p> | <p>1.Жаратылыстану Тақырыбы: Пияз егу Мақсаты: Пияз туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың пияз егу үдерісі туралы түсінігін дамыту. Еңбек етуге, пайда келтіруге деген ықыласын дамыту.</p> <p>21.09.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру Тақырыбы:Түн. Біреу-көп. Дөңгелек. Мақсаты:тәулік бөлігі-түнмен таныстыру, заттар жиынтығын салыстыруды үйретуді жалғастыру, бір зат қайда, көп зат қайда тұрғанын ажыратуды үйрету.</p> | <p>2.Сурет салу Тақырыбы: Қуыршаққа арналған сақина Мақсаты: балаларды сақинаның дөңгелекке ұқсастығын тауып, соны сала білуге жаттықтыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>22.09.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша 23.09.21 Вариативтік компонент Хореография Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>24.09.21 1.Мүсіндеу Тақырыбы:Алаша Мақсаты:балаларға кеңістікті бағдарлай білуге түсінік беру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу</p> | <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Жеміс бағына саяхат Мақсаты:балаларда күз сыйлары туралы түсініктерін қалыптастыру, жемістер туралы білімдерін бекіту, табиғатқа деген мейірімділікті тәрбиелеу.</p> |
|-------------------|--|---|--|---|--|

ПЕРСПЕКТИВАТІ ЖОСПАР

Балбөбек 2 кіші топ 2021 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып « Күз сыйы»

Мақсаты: Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелеуге үйрету. Адамдар үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы түсінік беру.

Міндеттері: Жапырақтардың түсінің өзгеруі, жемістердің пісуі туралы және ой-өрісін дамыта отырып, есте сақтау мен тілін дамыту. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру.

27.09-01.10.21ж

| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|-------------------------------|--|--|---|---|--|
| Менің отбасым (I-апта) | <p>30.09.19 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>02.10.19 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>04.10.19 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>01.10.19 1.Орыс тілі (0,5) Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>03.10.19 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Өзінің отбасы туралы әңгіме Мақсаты: Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорларын толықтыру, балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Тех карта №32 бет 88</p> | <p align="center">30.09.19</p> <p>1. Жаратылыстану Тақырыбы: Менің отбасым Мақсаты: а)Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. ә)Сөйлем құрап айтуға,дыбыстарды анық,таза жеткізе білуге дағдыландыру. б)Отбасында үлкендерді сыйлап,кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. Техкарта интернеттен</p> <p align="center">02.10.19</p> <p>1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</p> | <p>01.10.19 2. Сурет салу Тақырыбы: Анама арналған моншақтар Мақсаты:балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Көркемдік талғанпаздыққа тәрбиелеу. Тех карта №25 б 77</p> <p align="center">01.10.19</p> | |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|---|
| | | <p>03.10.19 Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Жыл мезгіліне қатысты тілектер. Мақсаты: Үйрету: Жыл мезгілдерінің атауларымен таныстыра отырып, жыл мезгіліне қатысты айтылған тілектердің мағынасын түсіндіру. Дамыту: Сұрақ – жауап арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту. Тәрбиелеу: Жыл мезгіліне қатысты тілектерді жаттап алуға тәрбиелеу. Тех карта</p> | <p>Тақырыбы: Сол жақ-оң жақ. Заттарды салыстыру. Мақсаты: сол жақ-оң жақ кеңістік түсіністіктерін қалыптастыру, өзінен тікелей бағыттағы кеңістікті ажырата білуге, заттарды салыстыруға үйрету. Тех карта №5 бет 27</p> <p>27..19 1.Құрастыру (0,5) Тақырыбы: Анама сыйлық Мақсаты:қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, анаға сыйлық жасау үшін қағаздан умаждап гүлдер жасай білуге үйрету, ата-ананы сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу. Тех карта №14 бет 27</p> | <p>3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>03.10.19 2.Музыка (0,5) Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | |
| <p>Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету. Тілдерін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Табиғаттың сұлулығын көре және бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">07.10-11.10.19ж</p> | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25 |

| | | | | | |
|---------------------------|--|--|--|---|--|
| | | этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | | | |
| «Жомарт күз» (II апта) | <p>07.10.19 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>09.10.19 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>11.10.19 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>08.10.19 1.Көркем әдебиет (0,5) Тақырыбы: «Отбасындағы сыйластық». Мақсаты: а) Отбасы мүшелерін дұрыс атауға,сәлемдесіп,қошт асуға,үлкенді сыйлап,құрметтеуге үйрету; ә) Отбасында үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлық жасауға баулу ; б) Инабаттылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу. Техкарта интернеттен</p> <p>10.10.19 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көгөністерден көже жасау Мақсаты: демонстрациялық әрекеттер бойынша әңгіме құрастыруды жалғастыру, жеке сөздерді айтуға</p> | <p>07.10.19 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Міне, осындай алтын күз! Мақсаты: Балалардың санасында күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Тех карта №1 бет 6</p> <p>09.10.19 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:Тәулік мезгілдері. Дөңгелек. Сол жақ-оң жақ. Мақсаты:тәулік бөліктерімен таныстыруды жалғастыру, өзіне тікелей байланысты кеңістікте орналасқан заттарды сөзбен белгілеу, сол жақта, оң жақта, дайын пішіндерді жапсыру түсініктерін қалыптастыру және оларды дұрыс пайдалануға үйрету. Тех карта №6 б 30</p> | <p>08.10.19 2.Сурет салу Тақырыбы:Алтын күз Мақсаты:балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру. Тех карта №7 б 39</p> <p>08.10.19 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>11.10.19 1.Мүсіндеу (0,25) Тақырыбы:Сылдырмақ Мақсаты: сылдырмақ туралы түсінік беріп, оның дыбыс шығаруының сырын түсіндіру, домалақ және сопақша пішіндерді жасауды, ұнаған түстерін таңдай</p> | <p>10.10.19 2.Қоршаған ортамен таныстыру (0,25) Тақырыбы: «Күзгі табиғат» Мақсаты: Балаларды жылдың күз мезгілімен, табиғаттағы күзгі ерекшеліктерімен таныстыру. Білімділік: Табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез – құлық ережелерін түсіндіріп үйрету. Дамытушылық: 3 ейінділікке, қабілетін дамыту. Тәрбиелік: Табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. Тех карта интернет</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|--|
| | | <p>ынталандыру. Тех карта №6 бет 26</p> <p>10.10.19 Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Су-тіршілік көзі Мақсаты: Үйрету: Судың тіршілік көзі екенін түсіндіре отырып,суға қатысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру, жадында ұстауға үйрету. Дамыту: суға қатысты айтылған нақыл сөздерді қайталау арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту. Тәрбиелеу: Суды ластамуға,таза ұстауға тәрбиелеу. Тех карта</p> | | <p>білуді дамыту, ұқыптылыққа және еңбектене білуге тәрбиелеу. Тех карта №6 б 17</p> | |
| <p>Мақсаты: Нанның дастарқанға қалай келетінін,оған көптеген адамдардың еңбек сіңіретінін түсіндіру. Еңбек адамдарын сыйлай білуге,қасиетті тағамымыз нанды қастерлеуге үйрету.</p> | | | | | |
| 14.10-18.10.2021ж | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен |

| | | | | | |
|------------------------------------|---|---|--|---|--|
| | | <p>Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в)</p> | <p>ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1</p> | <p>Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5</p> | <p>танысу-0,25 Экология негіздері-0,25</p> |
| <p>«Ас атасы-нан» (Ш апта)</p> | <p>14.10.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>16.10.19 2. Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>18.10.19 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>15.10.21 1.Орыс тілі (0,5) Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>17.10.19 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты:Нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін түсіндіру. Ас атасы нан туралы түсініктерін бекіту.Нанды қастерлеуге және диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту. Шар мен текшені салыстыру Тех карта интернет</p> <p>17.10.21 Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы</p> | <p>14.10.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Балаларға қасиетті тағамның бірі - нан екенін, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру "Ас атасы – нан"екенін түсіндіру. Нанды қадірлеп, қастерлеуге үйрету. Нанның дастарханға қалай келетіндігін айтып, оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру. Интернет техкарта</p> <p>16.10.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Шаршы. Ұзын-қысқа. Сол жақта-оң жақта. Мақсаты: шаршы туралы ұғымын қалыптастыру, заттарды көлемі бойынша салыстыруды жалғастыру, қағаз бетінде бағдарлану белгісі. Тех карта №7 б 33</p> | <p>15.10.21 2.Сурет салу Тақырыбы:Алжапқышты әшекейлейміз Мақсаты:балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою-орнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру. Тех карта №35 б 98</p> <p>15.10.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>17.10.21 2.Музыка (0,5) Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | | <p>Тақырыбы: Ұннан жасалған ұлттық тағамдар</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Үйрету: Ұлттық тағамдар туралы, оның ұннан жасалғандығын түсіндіру;</p> <p>Дамыту: Ұлттық тағамға байланысты нақыл сөздер айту арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту;</p> <p>Тәрбиелеу: Асты қадірлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта</p> | <p>18.10.21</p> <p>1.Құрастыру (0,5)</p> <p>Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»</p> <p>Мақсаты: балаларды қағазбен жұмыс жасауға дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту, күз көрінісін бейнелей білуге және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта №4 бет 11</p> | | |
| <p>Мақсаты: балаларға құстар туралы білім беру, білген білімдерін жетілдіре түсу. Құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Құстар туралы тақпақтар, мен жұмбақ шешкізу арқылы балалардың тілдік қорын жетілдіру. қамқорлықпен қарауға баулау. Адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">21.10-25.10.21ж</p> | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25 |
| Жыл құстары (IY апта) | <p>21.10.21</p> <p>2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>23.10.19</p> <p>2. Дене шынықтыру</p> | <p>22.10.21</p> <p>1.Көркем әдебиет (0,5)</p> <p>Тақырыбы: « Ас атасы – нан »</p> <p>мақсаты: Дән тұқымымен танысу,бидайдан нан жасалынатынын айта отырып,дастарханға</p> | <p>21.10.21</p> <p>1.Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: Суықторғай</p> <p>Мақсаты: Балаларды құстардың сыртқы келбетімен таныстыру. Тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. Балаларды</p> | <p>22.10.21</p> <p>2.Сурет салу</p> <p>Тақырыбы:Құстар</p> <p>Мақсаты:құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл-қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін</p> | <p>24.10.21</p> <p>2.Экология негіздері (0,25)</p> <p>Тақырыбы: Табиғат бұрышындағы құстарды бақылау</p> <p>Мақсаты:балаларды жанды табиғат</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|--|
| | <p>Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>25.10.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен,қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру.Диханшылардың еңбегімен таныстыру.Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта интернет</p> <p>24.10.21 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Шұбар тауық Мақсаты: балаларға ертегі мазмұнын әңгімелеп беру. Ересектердің айтқанын тындап, түсіне білуге, сұрақтарына жауап беруге үйрету. Ертегі мазмұны арқылы бір-біріне қамқор болуға, сыйластыққа тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта №2 бет 16</p> <p>24.10.19 Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы</p> | <p>қайырымды болуға, құстарға көмектесуге (жем шашу) баулу.</p> <p>Тех карта №21 б 33</p> <p>23.10.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Алыс-жақын. Шаршы Мақсаты: заттардың суретте және өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуы туралы ұғымын қалыптастыру, заттардың пішінін көре білуге, оны геометриялық фигура-шаршы атауымен салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Тех карта №8 б 37</p> | <p>ажырата білуге үйрету. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта №29 б 86</p> <p>22.10.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>25.10.21 1.Апликация (0,25) Тақырыбы: «Көгалдағы балапандар» Мақсаты:үй құстары туралы білім беру, балапанның қайдан шығатыны туралы түсініктерді қалыптастыру, желімсіз апликация дағдыларын қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта №8 б 22</p> | <p>мүшелерінің бірі-құстармен таныстыру. Табиғатты зерттеуге, танып-білуге деген құштарлықтарын ояту. Табиғатқа қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру.</p> <p>Тех карта №6 б 44</p> |
|--|---|---|--|---|--|

| | | | | | |
|---|---|--|---|--|---|
| | | <p>Тақырыбы: Дала хайуанаттары.</p> <p>Мақсаты: Үйрету: Дала хайуанаттары туралы білімдерін кеңейту. Қалай дыбыс шығаратыны жайында түсіндіру.</p> <p>Дамыту: Сұрақ – жауап арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>Тәрбиелеу: Дала хайуанаттарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта</p> | | | |
| <p>Мақсаты: Білімділік: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Дамытушылық: Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажыратуға және атай білуге, зерттеу жүргізу, іздестіру әрекеттерін орындау қызығушылығын дамыту. Тәрбиелік: Табиғатты қорғап, аялауға және әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">28.10-01.11.21ж</p> | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25 |
| «Күз сыйы» (I апта) | 28.10.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша | 29.10.21 1.Орыс тілі (0,5) Мұғалімнің жоспары бойынша 31.10.21 1.Сөйлеуді дамыту | 28.10.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Алтын күз Мақсаты: Күзгі табиғаттың әсемдігін байқай білуді дамыту, ауа райын, ауладағы ересектердің еңбегіне | 29.10.21 2.Сурет салу Тақырыбы: Алжапқышты әшекейлейміз Мақсаты: балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| | <p>30.10.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>01.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>Тақырыбы: Күз Мақсаты:Күз мезгілі туралы түсініктерін бекіту. Балалардың ой-өрісін,тіл байлықтарын дамыту, сөздік қорларын молайту. Сурет бойынша қысқа әңгіме құрастыруға, толықтай сұраққа жауап беруге үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Тех карта интернет</p> <p>31.10.21 Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Ұлттық үй жиһаздар. Мақсаты: Үйрету: Үй жиһаздары туралы түсініктерін кеңейту, ұлттық үй жиһаздарды сандық, ағаш төсек, сырмақ,түскиіз таныстыру. Дамыту. Үй жиһаздарына байланысты жұмбақтар шешу арқылы баланың ойлау қабілетін</p> | <p>бақылау жасау. Тех карта интернет</p> <p>30.10.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Шаршы. Ұзын-қысқа. Сол жақта-оң жақта. Мақсаты: шаршы туралы ұғымын қалыптастыру, заттарды көлемі бойынша салыстыруды жалғастыру, қағаз бетінде бағдарлану белгісі. Тех карта №7 б 33</p> <p>01.11.21 1.Құрастыру Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: балаларды қағазбен жұмыс жасауға дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту, күз көрінісін бейнелей білуге және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Тех карта №4 бет 11</p> | <p>Алжапқышты ұлттық ою-өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру. Тех карта №35 б 98</p> <p>29.10.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>31.10.21 2.Музыка (0,5) Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | |
|--|---|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | дамыту. Тәрбиелеу: үй жиһаздарын ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Тех карта | | | |
|--|--|--|--|--|--|

ПЕРСПЕКТИВТІ ЖОСПАР
Балбөбек 2 кіші топ 2021 жыл қараша айы
Өтпелі тақырып « Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Денсаулық негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада дұрыс жүру екенін ұғындыру. Шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, талғампаз да қанағатшыл, таза да әдемі болуға тәрбиелеу.

Міндеттері: Балаларға адам денсаулығының басты байлық екендігін түсіндіру.

04.11-08.11.21ж

| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25 |
|--|---|---|---|---|---|
| «Дені саудың жаны сау» (I-апта) | <p align="center">04.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p align="center">06.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p align="center">08.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p align="center">05.11.21 1.Орыс тілі (0,5) Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p align="center">07.11.21 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз дәрігерде қонақта болдық Мақсаты: балаларды медициналық бөлмелермен таныстыру. Балалардың сөздік қорын молайту, дәрігердің, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тындай білуге баулу. Тех карта №34 б 93</p> <p align="center">07.11.19</p> | <p align="center">04.11.21 1. Жаратылыстану Тақырыбы: Тазалық – саулық кепілі. Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдылардың маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. Өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстанып, күн тәртібінің сақталуы туралы білім беру. Тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. Интернет тех карта</p> <p align="center">06.11.21 1.Қарапайым</p> | <p align="center">05.11.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p align="center">05.11.21 2. Сурет салу Тақырыбы: Саты Мақсаты: балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойынының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Тех карта № 10 б 47</p> | |

| | | | | | |
|---|-----------------------------------|---|--|---|---------------------------------|
| | | <p>Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Су-тіршілік көзі Мақсаты: Үйрету: Судың тіршілік көзі екенін түсіндіре отырып,суға қатысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру, жадында ұстауға үйрету. Дамыту: суға қатысты айтылған нақыл сөздерді қайталау арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту. Тәрбиелеу: Суды тамуға,таза ұстауға тәрбиелеу Тех карта</p> | <p>математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Жоғары-төмен. Алыс-жақын. Шаршы Мақсаты: заттардың суретте және өзіне тікелей байланысты кеңістікте орналасу бағытын ажыратып, атап көрсету қабілетін дамыту (жоғары-төмен, алыс-жақын) Тех карта №9 б 40</p> <p>08.11.19 1.Құрастыру 0,5 Тақырыбы: Жайлаудағы қошақандар Мақсаты:балалардың саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, қағазды умаждау арқылы қошақандарды қалай жасауға болатынын түсіндіру, малдың төлдеріне қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Тех карта №16 б 30</p> | <p>07.11.21 2.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | |
| <p>Мақсаты: Балалардың табиғат жайлы ұғымдарын тиянақтау, табиғатта болатын таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету. Табиғатты сүйеге, аялауға, оған қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p> | | | | | |
| <p>11.11-15.11.21ж</p> | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 | Таным- 2,5 Қарапайым | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | математикалық ұғымдарды қалыптастыру- 1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | танысу-0,25 Экология негіздері- 0,25 |
| «Жабайы табиғат әлемі» (II апта) | 11.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша 13.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша 15.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша | 12.11.21 1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Қасқыр мен жеті лақ Мақсаты: ертегіні оқу, тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру, қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. Тех карта №4 б 14 14.11.21 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ерке төлдер» Мақсаты: педагогтің көмегімен жабайы жануарлар туралы қысқа әңгіме құрастыру, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету. Тех карта №7 б 29 14.11.21 | 11.11.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Жабайы жануарлар Мақсаты: Жабайы жануарлар мен олардың балалары туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Ілтипат пен ықыластарын көрсететін көңіл күйлерін дамыту. Жанды табиғатты аялауға үйрету. Тех карта № 7 б 20 13.11.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Үшбұрыш. Біреу-көп Мақсаты: «үлкен-кішкентай, біреу, көп» сөздерін пайдаланып жаңа геометриялық фигура-үшбұрышпен таныстыру. Тех карта №10 б 42 | 15.11.21 1.Мүсіндеу Тақырыбы: «Мысықтың ыдысы» Мақсаты: мысық туралы түсініктерін кеңейту, ол туралы балалардың өздеріне әңгімелету, ермексазды домалатып ортасын қуыстау машығын дамыту. Сондай-ақ шыдамдылыққа, төзімділікке, үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Тех карта №5 б 14 12.11.21 2.Сурет салу Тақырыбы: Ұзын құлақ, сұр қоян Мақсаты: бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен-кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның | 14.11.21 2.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Түкті араның саяхаты Мақсаты: саяхат сабақ арқылы шалғын өсімдіктері жайлы түсіндіру, өсімдіктердің табиғатқа келтіретін пайдасы туралы ұғым қалыптастыру. Тех карта №9 б 50 |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | | <p>Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Батырлар және олардың қару жарақтары. Мақсаты: Үйрету: Батырлар туралы түсініктерін жетілдіре отырып, батырлар-дың қару – жарақтарымен (садақ, қалқан, қылыш т.б.) таныстыру. Дамыту: Батырлар туралы тақпақтар айту арқылы баланың тілін дамыту. Тәрбиелеу: Батырларды мақтан етіп айтқызуға тәрбиелеу. Тех карта</p> | | <p>бейнесіе салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Тех карта № 13 654</p> <p>12.11.21</p> <p>3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | |
| <p>Мақсаты: Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту. Балаларды адамгершілікке, өз ойын толық жеткізе білуге, табиғатты аялай білуге, табиғат байлығын қорғауға, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>18.11-22.11.21ж</p> | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25 |

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|
| <p>«Тірі және өлі табиғат» (III апта)</p> | <p>18.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>20.11.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>22.11.19 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>19.11.21 1.Орыс тілі Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>21.11.21 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ғажайып қалта (дидактикалық ойын) Мақсаты: диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Тех карта №35 б 95</p> <p>21.11.21 Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Дала хайуанаттары. Мақсаты: Үйрету: Дала хайуанаттары туралы білімдерін кеңейту. Қалай дыбыс шығаратыны жайында</p> | <p>18.11.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Жел Мақсаты: Табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеудің қарапайым тәсілдерін дамыту, есте сақтау, зейін өкәю қабілетін нығайту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, оған қамқорлық жасауға баулу. Тех карта №9 б 23</p> <p>20.11.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Жоғары-төмен. Біреу-көп, бір-бірден, бір де біреу жоқ. Мақсаты: заттардың суретте және өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуын ажыратып, атау ұғымын қалыптастыру (жоғары-төмен) біреу-көп, бір-бірден, біреу де жоқ сөздерін түсіне білуге үйрету. Тех карта №11 б 45</p> | <p>19.11.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>19.11.21 2.Сурет салу Тақырыбы: «Сүйкімді табиғаттың сиқырлы бояуы» Мақсаты: Табиғат туралы түсініктерін кеңейту, сурет салуда оқу қызметінде үйренген әдістерді қолдану арқылы жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру. Балалардың зейінділікпен орындау қабілетін арттыру, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу Тех карта интернет</p> <p>21.11.21 2.Музыка 0,5 Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | |
|---|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| | | <p>түсіндіру. Дамыту: Сұрақ – жауап арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту. Тәрбиелеу: Дала хайуанаттарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Тех карта</p> | <p>22.11.21 1.Құрастыру Тақырыбы: Лақтарға және боталарға арналған қоршаулар Мақсаты: құрылыс материалдарын кеңістікке дұрыс орналастыруға және оның көлеміне, пішініне, түсіне қарай қоршаулар жасай алуға дағдыландыру, үй жануарлары туралы түсініктер беру. Тех карта № 3 б 9</p> | | |
| <p>Мақсаты: жас ұрпақты Отанды сүйуге, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыру; Отанға, туған жеріне деген патриоттық сезімін арттыру, Елімізді сүйуге, құрмет тұтуға, байлықтарын қорғауға тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">25.11-29.11.21ж</p> | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25 |
| «Менің Қазақстаным» (ІҮ апта) | <p style="text-align: center;">25.11.21</p> <p>2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p style="text-align: center;">27.11.21</p> | <p style="text-align: center;">26.11.21</p> <p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы:Дәрігер Айболит Мақсаты: балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға</p> | <p style="text-align: center;">25.11.21</p> <p>1. Жаратылыстану Тақырыбы: Менің елім-Қазақстан . Мақсаты: Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп</p> | <p style="text-align: center;">29.11.21</p> <p>1.Апликация Тақырыбы: «Сәнді көйлек» Мақсаты: кеңістік ұғымдары туралы түсініктерін нақтылау,</p> | <p style="text-align: center;">28.11.21</p> <p>2.Экология негіздері Тақырыбы: Менің елім-Қазақстан Мақсаты:</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|---|
| | <p>2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>29.11.21</p> <p>2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>қамқорлық қатынасын білдіруге талаптандыруды жалғастыру.</p> <p>Тех карта №7 б 18</p> <p>28.11.21</p> <p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Жайна менің ,Қазақстаным ! Мақсаты: ҚР мемлекеттік рәміздерімен таныстыру әңгімелеу."Отан", "Тәуелсіздік" терминдеріне түсінік беру. Есте сақтау, ойлау қаблеттерін дамыту.Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге ,туған жерге деген сүйіспеншілін ояту. Интернет. тех карта</p> <p>28.11.21 Вариативтік компонент</p> <p>3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Біздің еліміз Мақсаты: Үйрету:</p> | <p>беруге үйрету. Туған жерін, елін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Интернет. тех карта</p> <p>27.11.21</p> <p>1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Үшбұрыш. Шаршы. Дөңгелек Мақсаты: шеңбер, шаршы, үшбұрыштарды айыра білуге және атауға баулу, көру және ұстап көру арқылы пішіндерді зерттеуді жалғастыру. Тех карта №13 б 50</p> | <p>балалардың көркемдік талғамын қалыптастыру, шығармашылық жұмыста саусақ қызметін дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта №7 б 20</p> <p>26.11.21</p> <p>2. Сурет салу Тақырыбы: Гүлдене бер Қазақстан Мақсаты: Балалардың кең байтақ Қазақстан туралы мәліметтерін кеңейту. Елордамыз Астана қаласының көрікті жерлерімен таныстыру. Бәйтеректің суретін салуды үйрету. Туған жерін, отанын сүйуге, патриоттыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тех карта интернет</p> <p>26.11.21</p> <p>3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | <p>Баланың шағын отанын- оның тұрғылықты жері туралы түсінік беру.</p> <p>Туған ел, Отан, Қазақстан туралы білімдерін кеңейту, тәуелсіздік туралы түсінік беру, сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіру. Тех карта интернет.</p> |
|--|--|---|---|--|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | <p>Еліміз туралы түсініктерін кеңейту, елге байланысты айтылған нақыл сөздің мағынасын түсіндіру.</p> <p>Дамыту: Отанға байланысты мақал – мәтел жаттау арқылы баланың тілін дамыту.</p> <p>Тәрбиелеу: Өз елін қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта</p> | | | |
|--|--|--|--|--|--|

ПЕРСПЕКТИВТІ ЖОСПАР
Балбөбек 2 кіші топ 2021 жыл желтоқсан айы
Өтпелі тақырып «Жайнай бер, Қазақстаным!»

Мақсаты: Егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақты туған жерімен елін сүйуге, оларды қорғай білуге тәрбиелеу, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету.

Міндеттері: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлықты қалыптастыру.

03.12-06.12.2021ж

| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Экология негіздері-0,25 |
|--|---|---|--|--|---|
| «Жайнай бер, Қазақстаным!» (I-апта) | <p>04.12.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> <p>06.12.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша</p> | <p>03.12.21 1.Орыс тілі Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>05.12.21 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің елім Қазақстан Мақсаты: Балаларға бүгінгі күні туралы, Қазақстан республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет жайлы түсінік беру. Сурет бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгіме жүргізуге үйрету.Отанға деген сүйіспеншілікке,</p> | <p>04.12.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Үлкен-кіші, кішкентай. Оң жақ-сол жақ Мақсаты: көлем туралы ұғымдарын қалыптастыру-үлкен, кішірек, кішкентай заттардың суретте және өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуы туралы ұғымын қалыптастыруды дамытуды жалғастыру. Тех карта №14 б 53</p> <p>06.12.21 1.Құрастыру</p> | <p>03.12.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> <p>03.12.21 2. Сурет салу Тақырыбы: «Қазақстан – менің туған өлкем» Мақсаты: балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру. Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Тех карта интернет</p> <p>05.12.21</p> | |

| | | | | | |
|--|----------------------|---|--|--|--------------------|
| | | <p>Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта интернет</p> <p>05.12.19</p> <p>Вариативтік компонент</p> <p>3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы</p> <p>Тақырыбы: Еттен жасалған ұлттық тағамдар.</p> <p>Мақсаты: Үйрету: Ұлттық тағамдар туралы түсіндіру, еттен жасалған тағамдармен таныстыру.</p> <p>Дамыту: суретке қарап әңгімелесу арқылы баланың тілін дамыту.</p> <p>Тәрбиелеу: Тағамдарды төкпей ішуге тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта</p> | <p>Тақырыбы: Менің үйім</p> <p>Мақсаты: Құрылыс материалдарынан өз үйін құрастыру, ойлануға, өздігінен шығармашылықпен әрекет етуге баулу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру, өз үй – іші, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.</p> <p>Тех карта интернет</p> | <p>2.Музыка 0,5</p> <p>Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | |
| <p>Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін тиянақтау, жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістерді бақылап ажырата білуге, қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін әңгімелеп айту арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.</p> | | | | | |
| <p>09.12-13.12.21ж</p> | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 | Коммуникация-3 | Таным- 2,5 | Шығармашылық- 3 | Әлеумет-0,5 |

| | | | | | |
|-----------------------------------|---|---|---|--|---|
| | Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25 |
| «Алақай, қыс келді!» (II апта) | 09.12.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша 11.12.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша 13.12.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша | 10.12.21 1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан». Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Тех карта интернет 12.12.21 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Шана тебеміз (әңгіме құрастыру) Мақсаты: педагогтің үлгісі бойынша әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Киім, | 09.12.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Қыс келді Мақсаты: Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін кеңейту. Байқампаздық қабілетін, жыл мезгілдері мен ауа райының арасындағы қарапайым себеп-салдар байланысын анықтау қабілетін дамыту. Барлық тіршілік иелеріне қамқорлық жасауға үйрету. Тех карта №13 б 36 11.12.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Біркелкі заттар. Үлкен, кіші, кішкентай. Мақсаты: біркелкі заттарды топтауды, олардан жекеленген затты бөліп алуды үйрету, | 13.12.21 1.Мүсіндеу Тақырыбы: Шырша ойыншықтары Мақсаты: жаңа жыл, шырша, шырша ойыншықтары туралы жалпы түсінік беру, әртүрлі пішіндерді мүсіндеу және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеу іскерліктерін шыңдау, тақпақтар, өлеңдер айтқызып тілін, сөздік қорларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамытуға тәрбиелеу. Тех карта №4 б 13 10.12.21 2.Сурет салу Тақырыбы: Қар кесегі Мақсаты: балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түспен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. | 12.12.21 2.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: Салауатты өмір салтын дәріптеу мақсатымен сауық, мерекелерді өткізу. Табиғат пен адам денсаулығының өзара байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Тех карта интернет |

| | | | | | |
|---|----------------------|--|---|--|--------------------|
| | | <p>әрекет атауларын бекіту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді қолдану. Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. Тех карта № 16 б 50</p> <p>12.12.21 Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Қыс мезгілі Максаты: Үйрету: Қыс мезгіліне байланысты өтірік өлеңдердің мағынасын түсіндіру, Дамыту: Сұрақ – жауап арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту. Тәрбиелеу: өтірік өлеңдерді жатқа айтуға тәрбиелеу. Тех карта</p> | <p>заттарды көлемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру. Тех карта №15 б 57</p> | <p>Тех карта №17 б 62</p> <p>10.12.21 3.Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша</p> | |
| <p>Максаты: Жаңа жыл туралы балаларға түсіндіру, Аяз ата, ақшақар туралы қысқаша түсінік беру, тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру.</p> | | | | | |
| 18.12-20.12.21ж | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 | Коммуникация-3 | Таным- 2,5 | Шығармашылық- 3 | Әлеумет-0,5 |

| | | | | | |
|------------------------------------|--|---|---|--|--|
| | Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Экология негіздері-0,25 |
| «Жаңа жылдық сыйлықтар» (III апта) | 18.12.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша 20.12.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша | 19.12.19 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біздің ойыншығымыз Мақсаты: балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, ойыншықтардың аттарын атай отырып, оларды сипаттап айтуға үйрету. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Тех карта № 13 б 43 19.12.21 Вариативтік компонент 3.Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы Тақырыбы: Қожанасыр атаның күлдіргі оқиғалары Мақсаты: Қазақ ертегісінің кейіпкері – Қожанасыр туралы қызықты әңгімелерін | 18.12.21 1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: Тәулік мезгілдері. Заттар тобын салыстыру. Мақсаты: тәулік мезгілдері-таңертең, күн, кеш, түнді атап, ажырата білуін жалғастыру, біркелкі заттарды топтауды, олардан жекелеген затты бөліп алуды үйрету, сөйлегенде «көп», «біреу», «бір-бірден», «біреу де жоқ» сөздерін пайдалануды үйретуді жалғастыру. Тех карта №16 б 60 20.12.21 1.Құрастыру Тақырыбы: Жаңа жылдық ойыншықтар Мақсаты: Балаларға құрастыруға үйрету. | 19.12.21 2.Музыка 0,5 Мұғалімнің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|---|
| | | сахналауға негізінде көрсету арқылы балалардың дүниетанымдарын кеңейту. Дамыту: Ертегіні сахналау арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту. Тәрбиелеу: Ертегіні дұрыс сахналауға тәрбиелеу. Тех карта | Құрастыру әдістерін қалыптастыру, әдемілікке тәрбиелеу. Тех карта интернет | | |
| <p>Мақсаты: Балаларға «Жаңа жыл» мерекесін дәстүрлі емес жолмен мерекені өткізуге үйрету. Жаңа жыл туралы тақпақтарды айтқыза отырып, олардың өткен жыл мен келер жыл туралы білімдерін тиянақтау. Ұқыптылыққа, тазалыққа, жауапкершілікке, көпшілік ортада тәртіпті, инабатты ұстауға тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">23.12-27.12.21ж</p> | | | | | |
| Тақырыпша | «Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-3 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5 Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы-1 (в) | Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1 | Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5 | Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Экология негіздері-0,25 |
| «Қош келдің, Жаңа жыл!» (IY апта) | 23.12.21 2.Дене шынықтыру Спорт нұсқаушының жоспары бойынша 25.12.19 2.Дене шынықтыру | 24.12.21 1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жаңа жыл келді» (өлеңді жаттау) Мақсаты: өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу; балаларға табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызықтарын | 23.12.21 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Аққала Мақсаты: Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Қайырымдылық, ізгілік, | 27.12.21 1.Апликация Тақырыбы: Шырша шамдарын жағамыз Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі және қыс мезгілі туралы білімдерін дамыту, мереке ерекшелігін сезіне білуді үйрету, шыршаны безендіре білуді үйрету, тапсырманы ұқыптылықпен | 26.12.21 2.Экология негіздері Тақырыбы: Қысқы ағаштар Мақсаты: Қысқы ағаштардың бұтағына, діңіне қарап ажырата білуге, ағаштар |

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|
